

2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 14 ақпандағы № 40 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 14-2-124 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 1 маусымдағы N 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық әкімдігінің 2012.06.01 N 228 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы (5-7) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасының 6-тармағына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өңірлік еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес 2012 жылы жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Ділдәбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ.СЫДЫҚОВ

Арыс

қаласы

әкімдігінің

14

ақпан

2012

жылғы

№ 40 қаулысымен бекітілген

2012 жылы жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

р/с	Жұмыс берушінің атауы	Кәсіптік (мамандық)	Әрбір маманның айлық	Қар көз,

			Ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны	жалақысының мөлшері (теңге)	Жастар практикасының ұзақтығы (ай)	
1	«АРЫСШПАЛЗАВОДЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	бухгалтер	1	26000	6	рес бюд
2	«ТОРАБТЫҚ АУРУХАНА» өндірістік кооперативі	фельдшер	2	26000	6	рес бюд
3	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Арыс сигнализация және байланыс дистанциясы» филиалы	автоматика, телемеханика және көліктегі қозғалысты басқару	1	26000	6	рес бюд
4	«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаментінің Арыс қаласы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	экономист	3	26000	6	рес бюд
5	«Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Арыс ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	электроншы-техник	2	26000	6	рес бюд
		экономист-бухгалтер	1	26000	6	рес бюд
6	«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық филиалы	әлеуметтанушы	1	26000	6	рес бюд
		қаржыгер	1	26000	6	рес бюд
7	«Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (Мемжерғылөнорталығы)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Оңтүстік Қазақстан еңшілес мемлекеттік кәсіпорнының (ОҚжерғылөнорталығы) Арыс қалалық жер-кадастры филиалы»	кадастр	1	26000	6	рес бюд

8	«Темірбанк» акционерлік қоғамының Шымкент қаласындағы филиалы	қаржыгер	1	26000	6	рес бюд
9	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Арыс қаласының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	экономист- бухгалтер	1	26000	6	рес бюд
		заңгер	1	26000	6	рес бюд
		электроншы-техник	1	26000	6	рес бюд
10	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің «Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Арыс филиалы»	есеп және аудит	1	26000	6	рес бюд
		құрылысшы	1	26000	6	рес бюд
11	«Жиделі ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	әлеуметтанушы	1	26000	6	рес бюд
12	«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті «Оңтүстік Қазақстан облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Арыс қалалық филиалы»	гигиена және эпидемиология	1	26000	6	рес бюд
13	«Арыс қаласының білім бөлімі «М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	информатика пәнінің мұғалімі	1	26000	6	рес бюд
14	«Арыс қаласы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	бухгалтер-ревизияшы	1	26000	6	рес бюд
15	«Арыс қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мемлекеттік және жергілікті басқару	1	26000	6	рес бюд
16	«Аққала жалпы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі	география пәнінің мұғалімі	1	26000	6	рес бюд
	Барлығы		25			

